

«Айяна» жеке мектепке дейінгі білім беру мекемесі

**«Дыбыстарды бекіту мен байланыстырып сөйлеуді
дамыту жолдары» тәрбиешілерге арналған
практикалық кеңес**

Педагог-логопед: Укасова М.М.

2025-2026 оқу жылы

Тәрбиешілерге арналған практикалық кеңес
Тақырыбы: «Дыбыстарды бекіту мен байланыстырып сөйлеуді дамыту жолдары»

Мақсаты:

Балалардың дұрыс дыбыстауын бекіту және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамытуда тиімді әдіс-тәсілдерді тәрбиешілерге ұсыну.

Неліктен маңызды?

Дыбыстарды дұрыс айту – сауатты сөйлеудің негізі. Ал байланыстырып сөйлеу – баланың өз ойын толық, түсінікті жеткізуіне көмектеседі.

1. Дыбыстарды бекіту жұмыстары

Артикуляциялық жаттығулар

«Ат шауып келеді» (тілді тандайға соғу)

«Сағат» (тілді оңға-солға қозғалту)

«Кесе» (тілді жоғары көтеру)

Күн сайын 3–5 минут жасау ұсынылады.



Буын және сөз деңгейінде бекіту

Ашық буындар: са-са, ша-ша, ла-ла

Сөздер: сәбіз, шана, бала

Дыбысты әртүрлі позицияда қайталау маңызды.

Сөйлемде қолдану

«Сара сәбіз жеді»

«Шолпан шар ұстады»

Балалар дыбысты сөйлеу барысында қолдануға үйренеді.

2. Байланыстырып сөйлеуді дамыту


Сурет бойынша әңгіме құрау

«Суретте кім бар?»

«Не істеп жатыр?»

«Оқиға қалай аяқталады?»

Логикалық ойлау мен сөйлеуді дамытады.



«Сұрақ-жауап» әдісі

Балаларға жетекші сұрақтар қойыңыз:

«Қайда?»

«Қашан?»

«Неге?»

Баланың сөйлем құрауына көмектеседі.

Әңгімелеуді үлгі арқылы үйрету

Алдымен тәрбиеші қысқа әңгіме айтып береді, кейін бала қайталайды немесе жалғастырады.

Рөлдік ойындар

«Дүкен»

«Дәрігер»

«Қонаққа бару»

Балалар табиғи ортада сөйлесуді үйренеді.



3. Практикалық ойындар

«Дыбысты тап» (берілген дыбыстан басталатын сөздерді атау)

«Артық сөзді тап»

«Сөйлемді аяқта»

«Суретті ретімен қой»

Қызықты формада сөйлеу белсенділігі артады.

Назар аудару керек:

Баланың қателігін дөрекі түзетпеу

Дұрыс үлгі көрсету

Әр баланың деңгейін ескеру

Жүйелілік сақтау

Қорытынды:

Дыбыстарды бекіту мен байланыстырып сөйлеуді дамыту – жүйелі, кезең-кезеңмен жүргізілетін жұмыс. Ойын, жаттығу және қарым-қатынас арқылы балалардың сөйлеу дағдылары тиімді қалыптасады.

Анықтама

Тақырыбы: «Сөйлеу қабілетін үй жағдайында қолдау және ынталандыру»

Өткізу күні: 17.10.2025ж. _____

Қатысушылар: Ата-аналар

Күн тәртібі:

1. Балалардың сөйлеу тілінің маңызы туралы ақпарат беру
2. Үй жағдайында сөйлеуді дамыту жолдарын түсіндіру
3. Ата-аналарға практикалық кеңестер ұсыну
4. Сұрақ-жауап

Тындалды:

Жауапты маман ата-аналарға баланың сөйлеу қабілетін дамытуда отбасының рөлі маңызды екенін түсіндірді. Үй жағдайында баламен жиі сөйлесу, кітап оқу, ойын арқылы тіл дамыту, дұрыс сөйлеуге үлгі көрсету қажеттілігі айтылды. Сонымен қатар ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулардың сөйлеуге әсері түсіндірілді.

Талқыланды:

Ата-аналар тарапынан балалардың сөздік қорының аздығы, дыбыстарды дұрыс айтпау мәселелері көтерілді. Мамандар әр балаға жеке көңіл бөліп, тұрақты жұмыс жүргізу керектігін атап өтті. Телефон мен теледидарды шектеу туралы ұсыныстар берілді.

Қаулы қабылданды:

1. Үй жағдайында балалармен күнделікті сөйлеу жаттығуларын жүргізу
2. Күн сайын кітап оқу дәстүрін қалыптастыру
3. Дидактикалық ойындарды қолдану
4. Баланың сөйлеуіндегі қиындықтар байқалған жағдайда маманға жүгіну
5. Ата-аналар мен мамандар арасында тұрақты байланыс орнату

Педагог-логопед: Укасова М.М.